ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждени «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№202** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«04» «09» 2021 жыл**

**"Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық жағдайды болдырмаудың және өзіне - өзі қол жұмсаудың, зорлық-зомбылықтың алдын алу" туралы**

1. Мектепте "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық жағдайды болдырмаудың және өзіне -өзі қол жұмсаудың , зорлық -зомбылықтың алдын алу" бойынша оқушылар мен ата-аналар, мұғалімдер арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектепішілік құрылған мобильдік топ мүшелері кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық жағдайды болдырмаудың және өзіне -өзі қол жұмсаудың , зорлық -зомбылықтың , қаңғыбастықтың алдын алу бойынша күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастырсын.
3. Кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқықбұзушылықтың, өзіне -өзі қол жұмсаудың, зорлық -зомбылықтың алдын алу, анықтау және болдырмау мақсатында дер кезінде әлеуметтік оңалту жұмыстарын жүргізу психологиялық көмек көрсету мектеп педагог психологы Б. Кенжебаеваға жүктелсін.
4. Кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқықбұзушылықтың, өзіне -өзі қол жұмсаудың, зорлық -зомбылықты болдырмау мақсатында оқушыларды мектепішілік ақысыз үйірмеерге тартылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Г. Бекжанова**

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_______ Г. Бекжанова

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Зорлық -зомбылықтың алдын –алу» бойынша атқарылатын іс –шаралар жоспары**

**Мақсаты:** балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және оларға қарсы құқық бұзушылықтың, зорлық -зомбылықтың алдын алу, қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

2021-2022 оқу жылы

| № | Жұмыс мазмұны | Болатын уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Сенім жәшігінің» жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының бұйрығын шығару, жауапты маман бекіту | Қыркүйек | Мектеп психологы |
| 2 | «Сенім» жәшігін» тексеру, оның ашылуы мен жабылуын мектеп мөрімен бекіту және күннің жадын белгілеп отыру | Ай сайын | ДТЖО<br>Мектеп психологы |
| 3 | Құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Сенім жәшігіне» түскен хаттарды тіркеу, хаттамасын толтыру, түскен арыз-шағымдар бойынша жұмыстар жүргізу. | Жыл бойы | Комиссия мүшелер |
| 4 | «Өз балаңызды қалай қорғауға болады?» ата-аналарға ескертпе тарату, «Өзіңді зорлық-зомбылықтан қалай қорғау керек!» оқушыларға ескертпе тарату | «Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында | Тәлімгер |
| 5 | Қыз балаларға арналған «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі». тақырыбында дәріс оқу | Қазан | ДТЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| 6 | **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында апталық өткізу** | Қараша | ДТЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен кешкі мезгілдегі тәртібі туралы және «Қауіпсіз әлеуметтік желі» бағытында ата-аналарға кеңестер, тренингтер ұйымдастыру | Тоқсан сайын | Психолог |
| 8 | Қыз балаларға арналған апталық өткізу | Мамыр | ДТЖО<br>Мектеп медбикесі<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Кузенбаева

Әлеуметтік педагог: Е. Құрбанбеков

Мектеп психологы: Б. Кенжебаева

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# *«Зорлық –зомбылықтың алдын –алу» бойынша атқарылатын іс –шаралар*

**2021-2022 оқу жылы**

# Анықтама

2021-2022 оқу жылы  қараша айының 17-і күні  №52 С Бегалин жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Келес АІБ-нің полиция капитаны Д. Тоғызбаев ,ДТІЖО М. Кузенбаева және мектеп психологы Б. Кенжебаевалар бірлесе отырып 7-11 сынып оқушылары арасында жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша сауалнама онлайн алынды. Сауалнамаға 7-ші сыныптан – 25 оқушы, 8-ші сыныптан – 14 оқушы, 9-шы сыныптан – 15 оқушы, 10-шы сыныптан – 15 оқушы, 11-ші сыныптан - 9 оқушы қатысты. Жалпы 78 оқушыдан алынды.

Сауалнамадағы негізгі сұрақтар:

**1.** Сен, зорлық-зомбылыққа тап болдыңба?- деген сұраққа оқушылардың 100%-ы жоқ деп жауап берген.

**2.** Зорлықты кім көрсетті?- деген сұраққа оқушылардың 100%-ы **«ешкім»** деп жауап берген.

**3.** Зорлықты қандай әрекет арқылы көрсетті? –деген сұраққа оқушылардың 100%-ы **«ешқандай»** деп жауап берген.

Сауалнама нәтижесінде ешбір қауіпті фактілер, күдіктер анықталмады.

Оқушыларға егер, қандай да бір зорлық-зомбылықтың құрбаны болса немесе кеңес қажет болса, онда мектеп психологтарынан көмек сұрап немесе мектеп «Сенім жәшігіне» хат жазуға болатындығы туралы кеңес берілді.

Мектеп директоры  Г. Бекжанова

ДТІЖО  М. Кузенбвева

Келес АІБ-нің
ЖПҚ ЮПТ-ның
Полиция капитаны  Д. Тоғызбаев

Педагог-психолог  Б. Кенжебаева

"Бектемін"
Мектеп директоры
Г. Бекжанова

**№52 С Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021 жылдың 25 қарашамен 10 желтоқсан аралығында *"Зорлық -зомбылықсыз 16 күн"* Республикалық науканның өткізу іс-шара жоспары**

| № | Іс-шаралар атауы | Орындалу мерзімі | Қатысушылар | Жауапты лар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **"Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн"** іс-шарасының ашылуы | 30.11.2021ж | Мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | "Бақытты балалық шақ" тақырыбында эссе | 02.12.2021ж | 4-11сынып оқушылары | Қазақ тілі пәні мұғалімдері Сейітжанова А Тулекова Б. |
| 3 | "Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тренингік сабақ | 03.12.2021ж | 7-11сынып оқушылары | Педагог-психолог Кенжебаева Б |
| 4 | "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында дөңгелек үстел | 06.12.2021ж | 7-11сынып оқушылары | Әлеуметтік педагог Құрбанбеков Е |
| 5 | Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне арналған отбасындағы және мектептегі зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша семинар | 07.12.2021ж | Ата-аналар, сынып жетекшілер | ДТІЖО Кузенбаева М ИДН инспекторы Тоғызбаев Д Әлеуметтік -педагог Құрбанбеков Е Педагог-психолог Кенжебаева Б Медбике ИскаковаЗ |
| 6 | «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында ата-аналарменға жиналыс | 08.12.2021ж | Ата-аналар | ДТІЖО Кузенбаева М ИДН инспекторы Тоғызбаев Д |
| 7 | "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық | 13.12.2021ж | 5-8сынып оқушылар | ДТІЖО Кузенбаева М ИДН инспекторы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бұзушыдықтың, әлімжеттіліктің алдын алу" тақырыбында оқушыларға семинар түсіндірме жұмыстарын, видеороликтер көрсету | | | Тоғызбаев Д Әлеуметтік -педагог Құрбанбеков Е Педагог-психолог Кенжебаева Б Медбике ИскаковаЗ |
| 8 | "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушыдықтың, әлімжеттіліктің алдын алу" тақырыбында оқушыларға семинар түсіндірме жұмыстарын, видеороликтер көрсету | 14.12.2021ж | 9-11 сынып оқушылары | ДТІЖО Кузенбаева М ИДН инспекторы Тоғызбаев Д Әлеуметтік -педагог Құрбанбеков Е Педагог-психолог Кенжебаева Б Медбике ИскаковаЗ |
| 9 | "Бақытты отбасы" тақырыбында сурет байқауы | 15.12.2021ж | 4-11 сынып оқушылары | Сурет пәні мұғалімі Шуменов У Тәлімгер Анарқұл Ш |
| 10 | "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбында видеороликтер түсіру | 20.12.2021ж | 9-11 сынып оқушылары | Сынып жетекшілер Тәлімгер Анарқұл Ш |
| 11 | Құқықбұзушылықтың, әлімжеттліктің алдын алу мақсатында күндізгітүнгі рейдтерді ұйымдастыру | Іс-шара барысында | Мектеп әкімшілігі, ұстаздар | Мектеп әкімшілігі |
| 12 | "Бақытты бала-саналы ата-ана" тақырыбында семинар. | 22.12.2021ж | Ата-аналар | ДТІЖО Кузенбаева М Әлеуметтік -педагог Құрбанбеков Е Педагог-психолог Кенжебаева Б |
| 13 | "Ел ертеңі- жас ұрпақ" тақырыбында концерт. | 23.12.2021ж | 4-11 сынып оқушылары | ДТІЖО Кузенбаева М Тәлімгер Анарқұл Ш Ән-күй пәні мұғалімі Шуменов У |
| 14 | Қорытындылау , атқарылған жұмыстар бойынша ақпаратты Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне мерзімінде ұсыну. | 24.12.2021ж | | ДТІЖО Кузенбаева М |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Кузенбаева М.

№52С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде **"Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн" Республикалық науқаны** бойынша атқарылған жұмыстары турлы

**АНЫҚТАМА**

*26.11.2021 ж.*

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 жылдың 26 қараша күні **"Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн"** атты акция аясында атқарылатын іс-шара жоспарын жасап, бекітті.

*27.11.2021ж*

**"Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн"** Республикалық науқаны барысында мектепте мобильдік топ құрылды.

Мобильдік топ төрайымы - мектеп директоры Г. Бекжанова

Мүшелері - ДТІЖО М.Кузенбаева

- Әлеуметтік- педагог Е. Құрбанбеков
- АӘД жетекшісі Т. Аяпов
- Психолог - педагог Б.Кенжебаева

*28.11.2021ж*

Науқан аясында мектепте тұрмыстық зорлық- зомбылық саласындағы заңнама туралы кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Осы бағытта «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы, 9-бапта Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құзіреті берілген. Осы Заң мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық-экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.(4 тарау, 26 баптан тұрады).

*30.11.2021ж.*

Мобильдік топ мүшелері зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында күндізгі, түнгі бірлескен профилактикалық рейдтік іс-шаралар ұйымдастырды. Сынып жетекшілер

тексеру барысында сабакқа катыспай, кадағалаусыз қалған балалар аныкталмады. Сәтсіз отбасылар -1.-

*31.11.2021ж*

Жалпы халыктык тұрмыстык зорлык- зомбылыктың алдын алу және оған қарсы күрес шаралары туралы хабарлау жұмыстарын, кеңінен насихат жұмыстары жүргізілді және халык көп шоғырланған жерлерде билборд орнатылды.

*02.12.2021ж*

"Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлык-зомбылыктың алдын алу" тақырыбында ата-аналар мен балаларға онлайн режимінде жиналыстар ұйымдастырылды. Ата-аналарға ватсап арқылы жасөспірімдер арасындағы тұрмыстық зорлык - зомбылықтың түрлерімен таныстырылды. Бала өз ата – анасынын тәрбиесін алуға, өз кызығушылықтарын жан – жақты дамуын қамтамасыз етуге құқылы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 137-бабы кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген баска адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы кадағалау міндеттелген баска да мекеменің кызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін аткармағаны үшін шара қолдануды қамтиды. Онда балаларын бағып-кағу міндеттерін орындамаған ата-ана, ата-аналық құқығынан айырылатыны, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыкқа да тартылатыны айтылғаны жөнінде ескертті.

*03.12.2021ж* " Менің отбасым" тақырыбында онлайн түрде отбасылық бейнеролик байкауын ұйымдастырылды.

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 жылдың 20 қазан күні кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің,тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 8-11сынып оқушыларымен кезектен тыс отырысының хаттамасы №1**

Қатысқандар:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - М. Кузенбаева
2. Әлеуметтік педагог – Е. Құрбанбеков
3. Психолог - Кенжебаева Б
4. Директодың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Д. Сакказиев
5. Сынып жетекшілер - 7
6. Қатысқан оқушылар- 55

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы.
2. Мектепішілік үйірме жұмыстары туралы.
3. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың құқықтық қорғау заңдарының баптарымен қорғану жолдарын айтып түсіндірді. Қазақстан Респубикасы «Білім туралы»Заңы 24-бап Орта білім беру. Қазақстан Респубикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.Орта білім алуға міндетті.Әрбір оқушы өз бойына Қазақстан Респубикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті.Сабаққа кешікпеуге,сабақтан себепсіз қалмауға,мектеп формасын үнемі сақтап, сабаққа қажетті құрал-саймандарды қалдырмай толық әкелуге,мектептің ішкі тәртібін бұзбауға,өздерінен кішілерге қамқор болуға,үлкендерді сыйлауға міндетті екендерін айтып түсіндірді.

Әрбір баланың қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне,түр түсіне,тіліне,дініне,саяси немесе өзге де сенім нанымдарына,ұлттық шығу тегіне және денсаулығына қарамастан құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді.Бала өз ойын,пікірін еркін жеткізуге құқылы екенін, ауылдық жерлерде әлі де жасөспірімдер арасында жіберілетін қателіктер ішмінездiлік, ішкі сырын жасырудан өміріне қауіп төнуден сақтануды

айтып түсіндірді.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д. Сакказиев сөзге шығып кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын алу қажеттігін ескерте отырып,қылмыс жасаған оқушылар жазадан шет қалмайтыны,тәртіпті бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылатыны туралы айтты.

Қылмыс бәрі де кішкентай нәрседен басталатынын,алғашқы да сабақтан жалтару,ересек немесе кішілерге дөрекілік мінез көрсету,рұқсатсыз бөтен адамның затын алу сияқты әрекеттерден басталатынын айтып түсіндірді.Сондықтан,біз «балалық,шалалықтан» басталатын жай қылықтар ауыр қылмыстарға алып келетінін,ондай қылмыскер атанғанша, Заңға және адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибелерінен тұратын нақты ережелерге бағынып,жақсы және дұрыс өмір сүру керек екенін,адам баласының құлағына түрпідей тиетін жас балаларды зорлау фактілерінің жиілеп кетуі қоғамда үлкен алаңдаушылық тудыруда,осыған орай Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Балалар құқығын қорғау мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне түзетулер мен толықтырулар енгізілді», оның ішінде ана мен балаға қарсы жасалған қылмыстардың жазасын күшейтуді тапсырды, ал, 2015жылдың 1қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодексте балаларды зорлау жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыру болып бекітілгені туралы айтып түсіндірді.

Әлеуметтік –педагог Е. Құрбанбеков. балалар мектепте ақысыз 4 үйірме ашылғанын барлығымыз білеміз, сол себепті 100 пайыз осы үйірмелерге қатысуымыз керек. Әрбір бала өзінің қызығатын үйірмелеріне қатысып, (сабақтан тыс) өзінің неге бейім екендігін білу керек. Бала еш уақытта бос болмау керек.

Жарыс сөзге оқушылар Аяс Дана, Мұхамбек Ақнұр. Құттыбай Нұрлыайым шығып өз ойларын айтты.

**Шешім:**

1.Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты іс-шаралары үнемі өткізілсін

2.Құқық бұзушылыққа бейім оқушылар үнемі зерделеніп, ата-аналарымен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілсін.

3. Мектепішілік үйірме жұмыстары жандандырылсын ,оқушылар тартылсын

**Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** **М. Кузенбаева**

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектепте 2022 жылдың 16 наурыз күні Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің,тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен,қамкоршыларымен кезектен тыс отырысының хаттамасы №2

Қатысқандар:
1.Мектеп директоры Г. Бекжанова
2.Ата-аналар комитетінің төрайымы Г.Адеева
3.Келес АПБ ПБ ЖПҚ ЮПГ мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев
4.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева
5.Мұғалімдер-22
6.Қатысқан ата-аналар саны- 42

Күн тәртібінде:

2. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы.
2.Мектепің ішкі тәртіп ережесі мен формасының сақталуы
3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г. Бекжанова Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың құқықтық қорғау заңдарының баптарымен қорғану жолдарын айтып ата-ана үнемі балаларын қадағалаусыз қалдырмауды бастауыш сынып оқушыларының ұзақтан келетіндерді мектепке келіп кетуін үлкен балаларыңызбен немесе өздеріңізде қадағалауды айтып түсіндірді.
Қазақстан Республикасы «Білім туралы»Заңы 24-бап Орта білім беру. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.Орта білім алуға міндетті.Әрбір оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті.Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға,мектеп формасын үнемі сақтап, сабаққа қажетті құрал-саймандарды қалдырмай толық әкелуге,мектептің ішкі тәртібін бұзбауға,өздерінен кішілерге қамқор болуға,үлкендерді сыйлауға міндетті екендерін айтып үнемі сіздер де түсіндіріңіздер.

Әрбір баланың қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне,түр түсіне,тіліне,діліне,саяси немесе өзге де сенім нанымдарына,ұлттық шығу тегіне және денсаулығына қарамастан құқықтарын құрметтейді және

қамтамасыз етеді.Бала өз ойын,пікірін еркін жеткізуге құқылы екенін, ауылдық жерлерде әлі де жасөспірімдер арасында жіберілетін кателіктер ішмінезділік, ішкі сырын жасырудан өміріне қауіп төнуден сактануды ата-ана балаларымен күнделікті сырласуы керек екенін айтып түсіндірді.

Тарих пәні мұғалімі К. Жақыпбеков сөз алып «ауыл жастарына дұрыс тәрбие беруде ел болып күресу ауыл қариялары да атсалысуымыз керек,казіргі елде болып жаткан келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін әрбір отбасы өз перзентінің келешегіне алаңдаушылық білдіріп,ауыл тұрғындары бала тәрбиесіне тек мектепке карап отырмай барлығымыз күнделікті кадағалайык»- деді.Мектеппен тығыз байланыста болуды түсіндіріп айтты.

Келес АІБ ПБ ЖПҚЮПТ мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Тоғызбаев сөзге шығып Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстык тиіспеушіліктің тұрмыстык зорлық-зомбылықтың алдын алу максатында жасөспірімдердің арасында құқык бұзушылык пен бос жүрудің алдын алу кажеттігін ескерте отырып,қылмыс жасаған оқушылар жазадан шет калмайтыны,тәртіпті бұзған жағдайда жауапкершілікке ата-анада тартылатыны,мемлекеттік мөлшерде белгіленген көрсеткіш бойынша айыппұл төлейтіндері туралы айтты.

Қылмыс бәрі де кішкентай нәрседен басталатынын,алғашкы да сабактан жалтару,ересек немесе кішілерге дөрекілік мінез көрсету,рұксатсыз бөтен адамның затын алу сияқты әрекеттерден басталатынын айтып түсіндірді.Сондыктан,біз «балалык,шалалыктан басталатын жай кылыктар ауыр кылмыстарға алып келетінін,ондай қылмыскер атанғанша, Заңға және адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибелерінен тұратын накты ережелерге бағынып,жаксы және дұрыс өмір сүру керек екенін,адам баласының құлағына түрпідей тиетін жас балаларды зорлау фактілерінің жиілеп кетуі қоғамда үлкен алаңдаушылык тударуда,осыған орай Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Балалар құқығын корғау мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне түзетулер мен толыктырулар енгізілді», оның ішінде ана мен балаға қарсы жасалған кылмыстардың жазасын күшейтуді тапсырды, ал, 2015жылдың 1қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстык кодексте балаларды зорлау жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыру болып бекітілгені туралы айтып түсіндірді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева ,казіргі таңда елімізде болып жаткан түрлі қауіпті және қиын жағдайлардан әркез сақ жүру және қорғана білу керек.Балаға кандайда қауіп төнген жағдай да айкайлап жан-жағында көрінген адамдардан көмек сұрауға арланбау кажеттігін айтып түсіндіру кажет. Жасөспірімдер тәрбиесі-қоғам тәрбиесі.Ұлттың адаспай ұлт болып қалуы,қоғамның ырғакты дамуы,мемлекеттің өркендеуі сөңында келіп әйелге,келешек ана болар кыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмак.Жалпы кыз тәрбиесі отбасынан басталса,ол мектепте жалғасын табады,кыздармен әрдайым анасы сырлас болуы,кандай жағдайда да тыңдау, «ерте жүктіліктің алдын алу» бала өмірінің каупті болуынан сақтайды.Тек өзінің ғана емес өзгеге де

танымайтындарға да өміріне қауіп төнетінін байқаса жылдам үлкендерді айқайлап шақыруды,бірақ ондай жағдайға өздері көмек көрсетуге баруға болмайтынын айтып отыру қажет екенін айтып түсіндірді.Балаларыңызға ешкімнің зорлық,дөрекілік жасауға құқы жоқ екенін түсіндіріп айтып отырыңыздар.

Мектепте әрбір оқушы мектеп ережесін сақтауы міндетті,мектепке тек мектеп формасы мен келу қажет екенін түсіндіріп,ата-ана үнемі қадағалауын айтты. Сонымен балаларыңызды«үлкенге ізет,кішіге құрмет» көрсету парызы,адамгершілік қасиетін сақтауды үнемі түсіндіріп отырыңыздар.

Ата-аналар Турсыманова Г, Келесова Ж, М. Нақыпбековалар т.б-лар өз ойларын айтып,бала тәрбиесіне мектеппен біргелікте қадағалауды айтты.

**Қаулы:**

1.Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты іс-шаралары үнемі өткізілсін

2.Құқық бұзушылыққа бейім оқушылар үнемі зерделеніп, ата-аналарымен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілсін.

3.Мектепің ішкі тәртіп ережесі мен формасының сақталуы күнделікті ата-анада мектеппен біргелікте қадағалансын.

Мектеп директоры: Г. Бекжанова

Хатшы: А. Таскулова

№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта мектепте 2022 жылдың 19 наурыз күні Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің,тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен кезектен тыс отырысының

**хаттамасы №2**

Қатысқандар:
1.Мектеп директоры Г. Бекжанова
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева
3.Мектеп психологы Б. Кенжебаева
4.Әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков
5.7-11сынып оқушылары-72

Күн тәртібінде:

3. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы.
2.Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен формасының сақталуы
3.Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г. Бекжанова Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың құқықтық қорғау заңдарының баптарымен қорғану жолдарын айтып мұғалімдер үнемі балаларды қадағалаусыз қалдырмауды бастауыш сынып оқушыларының ұзақтан келетіндерді мектепке келіп кетуін қадағалауды айтып түсіндірді.
Қазақстан Республикасы «Білім туралы»Заңы 24-бап Орта білім беру. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.Орта білім алуға міндетті.Әрбір оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті.Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға,мектеп формасын үнемі сақтап, сабаққа қажетті құрал-саймандарды қалдырмай толық әкелуге,мектептің ішкі тәртібін бұзбауға,өздерінен кішілерге қамқор болуға,үлкендерді сыйлауға міндетті екендерін айтып үнемі сіздер де түсіндіріңіздер.

Бала өз ойын,пікірін еркін жеткізуге құқылы екенін, ауылдық жерлерде әлі де жасөспірімдер арасында жіберілетін қателіктер ішмінезділік, ішкі сырын жасырудан өміріне қауіп төнуден сақтануды ата-ана балаларымен күнделікті сырласуы керек екенін айтып түсіндірді.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева сөзге шығып Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында

жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын алу қажеттігін ескерте отырып,қылмыс жасаған оқушылар жазадан шет қалмайтыны,тәртіпті бұзған жағдайда жауапкершілікке ата-анада тартылатыны,мемлекеттік мөлшерде белгіленген көрсеткіш бойынша айыппұл төлейтіндері туралы айтты.

Қылмыс бәрі де кішкентай нәрседен басталатынын,алғашқы да сабақтан жалтару,ересек немесе кішілерге дөрекілік мінез көрсету,рұқсатсыз бөтен адамның затын алу сияқты әрекеттерден басталатынын айтып түсіндірді.Сондықтан,біз «балалық,шалалықтан» басталатын жай қылықтар ауыр қылмыстарға алып келетінін,ондай қылмыскер атанғанша, Заңға және адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибелерінен тұратын нақты ережелерге бағынып,жақсы және дұрыс өмір сүру керек екенін,адам баласының құлағына түрпідей тиетін жас балаларды зорлау фактілерінің жиілеп кетуі қоғамда үлкен алаңдаушылық тудыруда.

Мектеп психологі Б. Кенжебаева ,қазіргі таңда елімізде болып жатқан түрлі қауіпті және қиын жағдайлардан әркез сақ жүру және қорғана білу керек.Балаға қандайда қауіп төнген жағдай да айқайлап жан-жағында көрінген адамдардан көмек сұрауға арланбау қажеттігін айтып түсіндіру қажет. Жасөспірімдер тәрбиесі-қоғам тәрбиесі.Ұлттың адаспай ұлт болып қалуы,қоғамның ырғақты дамуы,мемлекеттің өркендеуі соңында келіп әйелге,келешек ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ. анасы сырлас болуы,қандай жағдайда да тыңдау, «ерте жүктіліктің алдын алу» бала.Балаларыңызға ешкімнің зорлық,дөрекілік жасауға құқы жоқ екенін түсіндіріп айтып отырыңыздар.

Мектепте әрбір оқушы мектеп ережесін сақтауы міндетті,мектепке тек мектеп формасы мен келу қажет екенін түсіндіріп,ата-ана үнемі қадағалауын айтты. Сонымен балаларыңызды«үлкенге ізет,кішіге құрмет» көрсету парызы,адамгершілік қасиетін сақтауды үнемі түсіндіріп отырыңыздар.

**Шешім:**

1.Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың,жыныстық тиіспеушіліктің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты іс-шаралары үнемі өткізілсін

2.Құқық бұзушылыққа бейім оқушылар үнемі зерделеніп, ата-аналарымен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілсін.

3.Мектепің ішкі тәртіп ережесі мен формасының сақталуы күнделікті ата-анада мектеппен біргелікте қадағалансын.

Мектеп директоры: Г. Бекжанова

Хатшы: А. Таскулова